

Диалог 7 Театрда

- Сен театрда болдың ба?
- Әрине болдым.
- Қай театрда болдың?
- Қалибек Қуанышбаев атындағы театрда болдым.
- Ол қандай театр?
- Ол қазақ музыкалық драма театры.

Диалог 8

- Қазақ музыкалық театры кімнің атында?
- Қазақ музыкалық театры Қалибек Қуанышбаев атында.
- Сен ол театрда болдың ба?
- Әрине болдым.
- Театрда не болады?
- Театрда қойылым болады. Сахнада әртістер ойнайды.

Диалог 9

- Алақай, ертең мен театрға барамын.
- Қай театрға барасың?
- Қазақ музыкалық театрына барамын.
- Ол қай жерде орналасқан?
- Қазақ музыкалық театры Жақып Омаров көшесінде орналасқан.
- Астанада опера және балет театры бар ма?
- Иә, Астан
ада Күләш Бәйсейітова атындағы опера және балет театры бар.